

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығы
(2018.29.08. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.18.07. № 456 [бұйрығымен](#) тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [5-бабының 25-1\)](#) тармақшасына сәйкес және жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін басқару мен үйлестіруді жүзеге асыру үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру [қағидасы](#) бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ж.Қ.Шаймарданов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#) қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.Қ.Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми [жарияланған](#) кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова

30 желтоқсан 2011 ж.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.18.07. № 456 [бұйрығымен](#) қағида жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 554 [бұйрығымен](#) бекітілген

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы қағидалар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табымайтын ұлты қазақ адамдардың және Қазақстан

Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың жалпы білім және тілдік дайындығының деңгейін арттыру, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына (бұдан әрі - ЖОО) түсу үшін жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдері қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Дайындық бөлімі тыңдаушыларының контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты есебінен оқудың төлемақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2-Тарау. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі

3. ЖОО-лардың дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі ЖОО-лардың дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын қабылдауды және оқытуды қамтиды.

4. Жалпы білім дайындығының деңгейін арттыру үшін Қазақстан Республикасы азаматтарын ақылы негізде ЖОО-лардың дайындық бөлімдеріне қабылдауды ЖОО-лар дербес жүзеге асырады.

5. Шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың жалпы білім дайындығының деңгейін арттыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ЖОО-лардың дайындық бөлімдеріне қабылдау конкурстық негізде кешенді тестілеу нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасы азаматтарының тілдік дайындығының деңгейін арттыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ЖОО-лардың дайындық бөлімдеріне қабылдау конкурстық негізде кешенді тестілеу нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

7. ЖОО-лардың дайындық бөлімдеріне түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары ЖОО-лардың қабылдау комиссияларына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) еркін түрде жазылған қабылдау туралы өтініш;
- 2) орта (жалпы орта), бастапқы кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (орта білімнен кейінгі) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы және оған қосымша;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген [086-У нысанындағы](#) медициналық анықтама.

8. ЖОО-лардың дайындық бөлімдеріне түсу үшін шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адам және Қазақстан Республикасының тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) еркін түрде жазылған қабылдау туралы өтініш;
- 2) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның мемлекеттік және/немесе орыс тіліндегі нотариалды расталған (немесе Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінде куәландырылған) аудармасы;
- 3) білім туралы құжат иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) № 907 бұйрықпен бекітілген [086-У нысанындағы](#) медициналық анықтама.

9. Адамдарды оқуға қабылданғаннан кейін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау [қағидаларына](#) сәйкес шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжат нострификация рәсімінен өтеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 10-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

10. Дайындық бөлімдеріне түсу үшін кешенді тестілеуге қатысуға (бұдан әрі - КТ) өтініштерді қабылдауды күнтізбелік жылғы 5 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында ЖОО-ның қабылдау комиссиялары жүргізеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 11-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

11. КТ күнтізбелік жылғы 10 - 15 қыркүйек аралығында өткізіледі.

12. Кешенді тестілеуге келген талапкер жеке куәлігін (төлқұжатын) көрсетуі тиіс.

13. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағына сәйкес егер білімді бірінші рет алатын болса, адамдар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін оқытылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 14-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

14. Білім беру дайындығының деңгейін арттыру бойынша оқыту үшін КТ математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша өткізіледі.

15. Қазақ және орыс тілдерін білмейтін шетелдіктерді кешенді тестілеу ағылшын тілінде жүзеге асырылады, қазақ немесе орыс тілдерін білетіндер үшін тестілеу меңгеру тілінде жүзеге асырылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 16-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

16. Тілдік дайындығын күшейтумен қоса дайындық бөлімдерінде оқу үшін КТ: «Ағылшын тілі» пәні және келесідей жаратылыстану-математика циклы пәндерінің біреуі бойынша өткізіледі «Биология», «Физика», «Химия».

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 17-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

17. Білім беру дайындығының деңгейін арттыру бойынша оқу үшін КТ тапсырмаларының саны:

1) математикалық сауаттылық бойынша - 20;

2) оқу сауаттылығы бойынша (оқу тілі) - 20.

КТ ұзақтығы - 1 сағат 20 минут.

Математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырмаларының нысаны ұсынылған бес жауаптан бір жауап таңдалатын тапсырма.

Әрбір тест тапсырмасына берілген дұрыс жауап бір балмен бағаланады.

Баллдары тең болған жағдайда, аттестаттың орташа балы жоғары тұлғаларға басымдық беріледі.

Түсу емтихандарының нәтижелері өткізілген күні хабарланады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 17-1-тармақпен толықтырылды

17-1. Тілдік дайындығын күшейтумен қоса дайындық бөлімдеріне оқу үшін КТ тапсырмаларының саны:

1) ағылшын тілі бойынша - 30;

2) «Биология», «Физика», «Химия» жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша - 30.

КТ ұзақтығы - 2 сағат.

Ағылшын тілі және «Биология», «Физика», «Химия» жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша тест тапсырмаларының нысаны жиырма тапсырма ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауап және он тапсырма ұсынылған жауаптан бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар.

Ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауабы бар тапсырмаларда әрбір тест тапсырмасы бір балмен бағаланады.

Ұсынылған бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмаларда дұрыс жауапты бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

бір дұрыс жауабы бар тапсырмаларда дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

бір дұрыс жауабы бар тапсырмаларда дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

бір дұрыс жауабы бар екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

екі дұрыс жауабы бар тапсырмаларда екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

екі дұрыс жауабы бар тапсырмаларда бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тапсырмаларда бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тапсырмаларда екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

үш дұрыс жауабы бар тапсырмаларда үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

үш дұрыс жауабы бар тапсырмаларда екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тапсырмаларда екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тапсырмаларда үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Баллдары тең болған жағдайда, аттестаттың орташа балы жоғары тұлғаларға басымдық беріледі.

Түсу емтихандарының нәтижелері өткізілген күні хабарланады.

18. Тестілеуді қайта тапсыруға жол берілмейді.

19. Тестілеу нәтижелерімен келіспеген азамат әр ЖОО-да құралатын апелляциялық комиссияға өтініш бере алады.

20. Кешенді тестілеу нәтижелерін құрамы білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ЖОО-ның дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды қабылдау бойынша Комиссия қарайды.

Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың қызметкерлерінен құрылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 21-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

21. ЖОО-ның дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды қабылдау туралы Комиссия шешімі білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі және конкурстық іріктеуден өткен шетелдіктердің, Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың назарына 25 қыркүйекке дейінгі мерзімде ЖОО жеткізеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.29.08. № 434 бұйрығымен 22-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

22. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары қатарына қабылдауды ЖОО-ның қабылдау комиссиялары 25-28 қыркүйек аралығында өткізеді.

23. ЖОО-лар тыңдаушыларды оқуға қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

24. Дайындық бөлімдерінде оқу күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады. Сабақ 1 қазаннан басталады. Оқыту мерзімі 9 айды құрайды.

Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама (еркін нысандағы) беріледі.

25. ЖОО-ға түсу үшін дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары оқу аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес Кешенді тестілеу тапсырады.

26. ЖОО дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқудан шығаруға:

1) тыңдаушының өз еркімен оқудан шығу туралы өтініші;

2) ЖОО-ның ішкі тәртібін бұзуы негіз болып табылады.

Тыңдаушыны ЖОО-дан шығару ректордың бұйрығымен ресімделеді, көшірмесі оқудан шыққан күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

27. ЖОО-лар жыл сайын 15 шілдеден кешіктірмей білім беру саласындағы уәкілетті органға дайындық бөлімдерінің жұмысы туралы қорытынды есеп береді.

28. ЖОО-лар дайындық бөлімдері тыңдаушыларының статистикалық және паспорттық есебін жүргізеді.